

Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық университеттің 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **Даулетбек Манарбекович Муратбаевтың «Сиыр бедеулігін алдын алу және жоюға бағытталған ветеринариялық іс-шараларды жетілдіру»** тақырыбына жазған диссертациясына ғылыми кеңесшісі **Тоқаев Зейнолла Қалымбекұлы**, ветеринария ғылымдарының докторы, профессордың арнайы **ПІКІРІ**:

Диссертация жалпы қабылданған үлгі бойынша 139 бетте орындалған, 22 кесте, 7 диаграмма, 41 сурет, 4 қосымшамен толықтырылған. Онда кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды, тақырыпқа сай, әрі аралас сұрақтар әдебиетінің 205 дерек көзі (отандық ғалымдардың еңбектері - 195, шетелдік - 109) зерттелген. Ірі қара малдың бедеулігінің алдын алу, жою үшін 259 бас тексерілген малдан 2 бағыт бойынша 6 зерттеу тобында жүргізілген. 1-ші бағытта аналық бездің патологиясын емдеу жүзеге асырылып, 2-де сүт бағытындағы сиырлардың ұрықтануын жоғарлату зерттелген. Аналық без патологиясын емдеу үшін 21 сиыр таңдап алынып, олар 3 топта зерттелген. Ұрықтануды арттыру үшін тиісінше үш топ таңдап алынған, жануарлардың саны 45 сиырға тең болған. Сиырлардың буаздығы мен бедеулігін анықтау клиникалық әдістермен жүргізілген. Репродуктивті ағзалардың жағдайын анықтау әдісі қынаптық, ректалдық зерттеумен өткізілген. Гистологиялық зерттеу үшін жатыр мүйіздері мен аналық бездер қабырғасының жекелеген бөлімдерінен өлшемі 1\*1 см, ал жұмыртқа жолынан ұзындығы 1 см кем емес тілімдер алынған. Іріктелген сынамаларды бейтарап формалиннің 10% ерітіндісіне салып, парафинге мақұлдаған әдістермен құйылып, МС-2 шана микротомында ағаш қалыптарына желімделген парафинді блоктардан қалыңдығы 5-7 мкм кесінділер жасалып, Ван-Гизон, гематоксилин – эозин әдістерімен боялған. Өзірленген препараттарды зерттеуде тринокулярлы микроскоп пайдаланған, нәтижелері сандық фотоаппаратпен суретке түсірілген.

**Зерттеудің өзектілігі.** Төрт түліктің бедеулігі бүкіл Әлемде шешімін таппай тұрған, нақты себептері күні бүгінге дейін толық анықталмаған, жыныстық ағзалардың қалыпты физиологиялық дамуын бұзуда. Ол көне аурулардың бірі, әрі жиі зерттелуде. Осыған қарамастан **Д.М.Муратбаев** ұрпақтану көрсеткіштерін арттыруда акушерлік ауруларды ерте анықтау, алдын алу, тиімді емдеу, сүтті мал табындарын қарқынды ұрпақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында инволюциялық процестерді ынталандыру сияқты ветеринариялық іс-шаралар кешенін енгізуді, әр шаруашылықтың басты міндеті - аналық табынның өнім беруінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, жасанды ұрықтандырудың тиімділігіне жетуде диссертациялық жұмыс маңызды мәселені шешуге арналған тақырыптың өзектілігін анықтайды.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Алғаш рет ШҚО сауын сиыр шаруашылығында гинекологиялық дерттануға, сиырлардың бедеулігіне әкелетін басты этиологиялық факторлар туралы жаңа ғылыми деректерді қазіргі заманғы жабдықтарды (гемоанализатор, УДЗ) колдана


отырып, жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізіліп алған. Осы өңірдің сүт шаруашылығы жағдайында сиырлардың бедеулігін емдеу, алдын алуға бағытталған іс-шараларды жақсарту, ұрықтануын жоғарлауын ынталандыру үшін жүргізілген. Гормоналды, гомеопатиялық, басқа да препараттарды пайдалана отырып, гипофункцияны емдеу, ұрықтануы жоғарылауын ынталандырудың жаңа сызбалары сыналған. Сиырлардың төлдеу қабылеттілігінің жоғарлауы анықталып, емдеу, ынталандыру сызбалары өндіріске енгізілген. Елімізде **алғаш рет гомеопатиялық препараттардың бедеулігі бар сиыр ағзасына әсері клиникалық түрде зерттелген.** "Камышинское" ШҚ алғаш рет сиырлар бедеулігінен келетін шығынға экономикалық баға берілген.

**Зерттеулердегі автордың жеке үлесі.** Автор жұмыстың мақсатын айқындау зерттеу жоспарын, бағдарламасын, міндеттерін дайындаған, емдік, алдын-алалық сызбаларды әзірлеген. Барлық мал басын диспансерлеу, одан әрі емдеу, алдын алу жұмыстарын дербес жүргізген. Зерттеу нәтижелерін тұжырымдау, өндеуді ұйымдастырды, математикалық-статистикалық өндеуді, алынған нәтижелерді дәйектеуді орындаған. Оның зерттеуге қосқан жеке үлесі 90%-дан асады. Ол диссертация мәтінін өзі жазып, сынақтан өткізу, қорғау үшін баяндаманың электронды нұсқасын дайындаған.

**Автордың жасаған қорытындылары мен нәтижелері.** Ол тікелей шаруашылықтарда бедеулік түрлерін, ұрпақтану жүйесінде туындайтын дерттануларды, тұяқтардың ортопедиялық ауруларын анықтау мүмкіндігі көрсетілген. Аналық жыныстық бездерінің нашарлауы (гипофункциясы) себебін тауып, онда везикулярлы фолликулалар, сары денешіктердің жоқтығын көрсетуі, оны емдеу үшін гормоналды препараттарды пайдалану 18% тиімдірек екенін, тиісінше  $27,7 \pm 6,17$  тәулікті, ұрықтандыру индексін  $1,29 \pm 0,20$  құрғаны шаруашылық мамандарына ультрадыбыстық зерттеу арқылы анықтап, мезгілінде шара қолдануы жазылған. Қазір сиырлардың ұрықтануын арттыру үшін кешенді, гомеопатиялық сызбаны қолдану кезіндегі экономикалық тиімділік, пайда табу жолы. «Камышинское» ШҚ сиырлардың бедеулігін емдеу, алдын алу сызбалары енгізілген, әрі өсіп-өну қызметін жақсартып, бедеулікті қысқартудың инновациялық әдістері пайдаланылып, сүтті сиырлардың өнімділігі арттатыны сипатталған. Жеке қосалқы, әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылықтарда төлдеуді синхронизациялаудың инновациялық әдісін енгізе отырып, ірі қара малды қолдан ұрықтандырудың тиімділігін арттыру бағыты белгіленген.

**Муратбаев Даулетбек Манарбековичтің** жұмысы қазіргі талаптарға сәйкес рәсімделген, мазмұны, жарияланған ғылыми мақалалары негізінен диссертация мәтінін толық қамтыған, Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес, 6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты.

Ғылыми кеңесшісі, ветеринария  
ғылымдарының докторы, профессор



**З.К. Тоқаев**